

Мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшіні жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 4-1/582 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 тамызда № 11902 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 44 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.02.2021 № 44 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 1 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 20 шілде

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 26 маусымдағы № 4-1/582
бұйрығымен бекітілген

Мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және мақта нарығына мониторинг жүргізудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мақта нарығына қатысушылар – шитті мақтаны өндіруге, дайындауға, сатып алуға, оны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеуге және мақтаны өткізуге қатысатын жеке және заңды тұлғалар;

2) мақта нарығының мониторингі (бұдан әрі – мониторинг) – мақта нарығына қатысушылар жүзеге асыратын мақтаны өндіруді, өңдеуді, сақтауды және өткізуді қоса алғанда, мақта нарығы деректерін жинауға, пысықтауға және талдауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

3) мақта саласын дамыту жүйесіндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мақта саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) мониторинг объектілері – мақта нарығына қатысушылардағы шитті мақта және оның бастапқы өңдеу өнімдері (мақта талшығы, тұқым, линт, мақта талшығының қалдықтары).

3. Мониторингті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

2. Мақта нарығына мониторинг жүргізу тәртібі

4. Мониторинг кезеңдері:

1) деректерді жинау;

2) деректерді өңдеу;

3) деректерді талдау.

5. Мониторинг деректері мыналарды қамтиды:

1) мақта нарығына қатысушылардың бар-жоғы;

2) мақта егіс алаңдарының көлемі;

3) өнімділік болжамы;

4) нақты өнімділікті, рефакцияны көрсете отырып, іс жүзіндегі және кондициялық салмақ бойынша шитті мақта өндірудің көлемі;

5) барлық санаттағы шаруашылықтарда шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар-жоғы және қозғалысы;

6) мақта өңдеу ұйымдарының, мақта тазалау зауыттарының, мақта дайындау ұйымдарының және мақта қабылдау пункттерінің саны;

7) экспорт режимінде ресімделген мақта талшығының салмағы және статистикалық құны.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.10.2015 № 4-6/954 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мақта нарығына қатысушылар Заңның 16-бабы 2-тармағына сәйкес уәкілетті органмен бекітілетін есепке алу құжаттарының нысандары және есептілікті ұсыну мерзімдері (бұдан әрі – есептілік нысаны) бойынша айына бір рет, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін ауданның жергілікті атқарушы органына мынадай:

1) мақта нарығына қатысушыларда шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар-жоғы және қозғалысы туралы;

2) мақта дайындау ұйымдарында шитті мақтаның қозғалысы және мақта өңдеу ұйымдарында шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің қозғалысы туралы;

3) мақта дайындау ұйымдарындағы шитті мақтаның сапалық жай-күйі және мақта өңдеу ұйымдарындағы шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің сапалық жай-күйі туралы ақпарат береді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.10.2015 № 4-6/954 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ауданның жергілікті атқарушы органы мақта нарығына қатысушылар ұсынған осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген мониторинг деректері бойынша шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің барлық санаттағы шаруашылықтарда бар-жоғы және қозғалысы туралы есептілік нысаны бойынша ақпаратты жасайды және оны айына бір рет, есепті айдан кейінгі айдың 11-күніне дейін жергілікті атқарушы органға ұсынады.

8. Ауданның жергілікті атқарушы органы жылына екі рет, егін егу және жинау жұмыстары аяқталғаннан кейін күнтізбелік бес күн өткен соң, жергілікті атқарушы органға мақта нарығына қатысушылардың бар-жоғы туралы есептілік нысаны бойынша ақпаратты ұсынады.

9. Мақта нарығына қатысушылардан мақта өнімділігінің болжамы туралы мониторинг деректерін жинауды кейін жиналған ақпаратты есептілік нысаны бойынша жергілікті атқарушы органға бере отырып, ауданның жергілікті атқарушы органы жылына бір рет егін жинау жұмыстары алдында жүргізеді.

10. Жергілікті атқарушы орган аудандардың жергілікті атқарушы органдары берген мониторинг деректерін өңдеуді жүзеге асырады.

11. Шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар-жоғы және қозғалысы туралы деректерді өңдеу барысында жергілікті атқарушы орган аудандардың жергілікті атқарушы органдары ұсынған мынадай көрсеткіштер бойынша қортынды шығарады:

1) мақта нарығына қатысушыларда есепті онкүндіктің басында және соңында шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар-жоғы;

2) есепті онкүндікке жаңа жиналған егіннен шитті мақтаның кірісі;

3) есепті онкүндікке басқа облыстардан және импорттан қайта өңдеуден алынған шитті мақтаның қайта өңдеу өнімдерінің кірісі;

4) басқа облыстарға және экспортқа қайта өңдеуге, тиеп-жөнелтуге есепті онкүндікке шитті мақтаның шығысы;

5) басқа облыстарға және экспортқа тиеп-жөнелтуге облыс ішіндегі есепті онкүндікке шитті мақтаны қайта өңдеу өнімдерінің шығысы.

Шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар-жоғы және қозғалысы туралы деректерді өңдеу нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган шитті мақтаның теңгерімін және шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің теңгерімін жасайды, соның негізінде облыс бойынша барлық шаруашылық санаттарында шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар-жоғы және қозғалысы туралы ақпаратты есептілік нысаны бойынша қалыптастырады.

12. Мақта нарығына қатысушылардың бар-жоғы туралы мониторинг деректерін өңдеу барысында жергілікті атқарушы орган аудандардың жергілікті атқарушы органдары ұсынған есептерді есепке қоса берілген мақта нарығына қатысушылардың тізімімен салыстырып тексеруді жүргізеді және облыс бойынша ұсынылған ақпаратты жинақтайды.

Мақта нарығына қатысушылардың бар-жоғы туралы деректерді өңдеу нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган есептілік нысаны бойынша ақпарат жасайды.

13. Мақта өнімділігінің болжамы туралы мониторинг деректерін өңдеу барысында жергілікті атқарушы орган аудандардың жергілікті атқарушы органдары берген ақпаратты жинақтайды, мақта себілген алаңдар бойынша және жинауға жататын алаңдар бойынша деректерді қосындылайды, мақтаның орташа өнімділігін және облыс бойынша күтілетін жалпы өнімді есептейді.

Мақта өнімділігінің болжамы туралы деректерді өңдеу нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган жылына бір рет егін жинау жұмыстары басталар алдында есептілік нысаны бойынша ақпарат жасайды.

14. Мониторинг деректерін өңдегеннен кейін жергілікті атқарушы орган оларды талдауды жүзеге асырады.

15. Барлық шаруашылық санаттарында шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар-жоғы және қозғалысы туралы мониторинг деректерін талдауды жергілікті атқарушы орган тиісті мониторинг деректерін өңдегеннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде айына бір рет жүргізеді.

Талдау жүргізу барысында шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің кірісі және шығысының, шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеудің көлемдері бойынша және алынған мақта талшығы, мақта тұқымы, мақта линті, талшықты қалдықтар саны бойынша деректер сипатталады.

16. Мақта нарығына қатысушылардың бар-жоғы туралы мониторинг деректерін талдауды жергілікті атқарушы орган тиісті мониторинг деректерін өңдегеннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде жүргізеді.

Талдау жасау барысында алдыңғы есепті кезең деректерімен салыстыру бойынша мақта нарығына қатысушылар санының ұлғаю немесе кему серпіні байқалады.

17. Мақта өнімділігінің болжамы туралы мониторинг деректерін талдауды жергілікті атқарушы орган егін жинау жұмыстары басталар алдында жылына бір рет жүргізеді.

Талдау жүргізу барысында мақтаның күтілетін өнімділігін қалыптастыруға әсер ететін орын алған жағдайларға сипаттама беріледі.

18. Республика бойынша мониторинг деректерін талдау үшін есептілік нысаны бойынша экспорт режимінде ресімделген мақта талшығының салмағы және статистикалық құны туралы кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органнан жергілікті атқарушы органмен айына бір рет ақысыз негізде алынатын мәліметтер пайдаланылады.

19. Мониторинг нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган жиынтық ақпаратты жылына екі рет, егін егу және жинау жұмыстары аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң уәкілеті органға ұсынады.

20. Республика бойынша жиынтық ақпаратта көрсетілген мониторинг деректері уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады және мақта нарығына қатысушылар үшін жалпыға қолжетімді болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК